

Бендер-Аббас қаласында (Иран Ислам Республикасы) Қазақстан Республикасының Консулдығын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 910 қаулысы

Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасымен консулдық қарым-қатынастарын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Бендер-Аббас қаласында (Иран Ислам Республикасы) Қазақстан Республикасының Консулдығы ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев